

**МЕНІҢ ГАУҒАР  
ЖҮРЕКТІ ЖАСТЫҒЫМ...**

Менің гауһар жүректі жастығым, жапыраққа айналды дірілі басым, Бақтағы көлеңкелер гүлдеді, Ғұмырымның іңірі басым. Өмірдің жанарындағы жасқа айналды күндерім, Тамып кетпесін, Қантарда гүл жарып кетпесін. Мен қантарда Айдың нұрымен некелескен гүлдің бақытын тіледім, Раушан гүлдері безендірді уақыптың жүрегін. Түн де болдырып кепті, Алыс-алыс жол жүріп кепті. Қызыл көйлек киген періштелер, Жасыл жұлдыздарды өшірді, Жырларымды гүлдің сағағына көшірді. Қантардың сұсы басқан гүлдердің күрсінісін-ай, Құмырадағы, Сағағына тамшылап ғұмыр азабы. Түн сұрап тұр бір шыны шәй... Теңізде жоғалған желді, Сағыныш іздеп кетті. Сені сағынған күндерімді, Кірпігім тізбектеп тұр... Сенің жанарыңнан Ай жүзіп өтті, Өмірімнің күзі кеп тұр. Күн адасқан жасыл жағалауға кел, Мені іздесең, Ғұлмаса мен жалаң аяқ теңіз кешем... Құшағын жайып ғалам, Сағыныштан айықпаған, Сен теңіз бол, Мен қайық болам...

**МЕН ГҮЛ САҒАҒЫНДАҒЫ  
ТАМШЫМЫН...**

Мен гүл сағағындағы тамшымын, Айдың түсіне кіремін. Жұлдыздардың шөлін қандырады жан сырым. Бала құстай талпынады жүрегім. Мен мұнмын гүлдің некесіндегі, Мен аңызбын Айдың түсіндегі. Ауаға таралады сенің күлкің тек есімдегі, Айналамда билейді балбалдың мүсіндері. Мен шыңдықпын Айдың жанарындағы, Мен махаббатпын құстың хабарындағы, Мен тылсыммын түннің жамалындағы. Мен өмірмін уақыптың амалындағы... Айлы түнде, жұлдыздар жусағанда, Жүретім сусағанда, Мұхит толқындарының әжіміндегі дауысып. Мен сені сүйген едім, Төзімді тауыстың. Сүюді мен сенен үйренемін, Енді менен рахым күтпе, Мен гүл суретіндегі ауышпын... Есімнен тандырды, Жұлдыздың жүрегіндегі кекесін мені. Мен махаббатпын гүлдің некесіндегі. Мен көлеңкесімін сенің көз жасыңның, Сені сүйе беремін, тозбасын Күн.

**ӨТТІ ҒАСЫР...**

(Испанның ұлы ақыны Хуан Рамон Хименестің рухына)

Жұлдыздарға сен қаныңды ішкіздің, Тас төбінде олар тұрды тояттап. Мініп кетті қанатына күз-құстың, Көбелектер қанғып кетті ойы аппақ.



**Заида ЕЛҒОНДИНОВА,  
Халықаралық «Алаш»  
әдеби сыйлығының  
лауреаты**



# Мәңгілік көктемге сатпар...

Сен қайтқанда құлар дедің көк аспан, Ал аспанда ой болмады құламақ. Көңіл айтты көне жұлдыз адасқан, Ол да кетті аз-кем өксіп жылап ап. Кітаптарын шығып жатты, ел мақтап, Жез тырнағын жазды сосын қысқан Күн. Күллі әлем сен кеткен соң ардақтап, Ұлы ақыны деді сені Испанның. Қаламыңда қалды солай мұң қалғып, Ұзақ жоқтап көнерді де үстелін. Айтып, айтып шаршады да мұңдар жұрт, Кемпіркосақ болып кетті түстерін. Құрбан болды қызығын да, барын да, Ұйқыңды алып кетті сосын, құс келіп. Бір тал гүл де ұсына алмай жарына, Кете бердің жұмағына түстеніп... Ақын тағдыр лаврға бөленген, Күллі әлемге аңыз болып тараған. Рухыңнан бір қасірет көрем мен, Ал өзіңе бұйырғаны тас мүсін мен жатағандау караған...

**МӘНГІЛІК  
КӨКТЕМГЕ САПАР...**

(Испанның ұлы ақыны Федерико Гарсиа Лоркаға)

Сен Отанына бар махаббатыңды бердің. Жан шырағың бұлт астында қалды. Аспан мен жердің тартылысын көрдің, Жұлдыздар күлкі астында қалды. Сол күні мұхиттар Айға шапшыды,

Зилмауыр толқыннан шыға алмай, жыр тасқында қалды. Ғаламшар толды дана гүлдерге, Хош иісінен айырылған. Жүрегіннің қанымен жыр жазған, парағын жерде, Жаралы құс болды, қанатынан қайырылған. Сен Отанына өмірінді бердің, Сұлуды емес, Отаныңды сүйдің. Жібек құстардың қанаты желдің, Ойыншығына айналды, күйдің. Жібек аспанда жұлдыздар жамырағанда, Періштелер садағын оқтады. Перілер бесатарын тақағанда, аңыз аламға, Бірер сәтке, Күннің де жүрегі тоқтады... Сенің ернінде сәбидің күлкісі шетінеп, Бір оққа байланды жүрек кеп.

Ақынның тағдырын жетімек, Құзғындар күллі іектеп... Сен Отаныңды сүйдің, жоқ еді басқа Отан, Жасынның күшімен жасқа тән. О, Лорка, сен кеттің, жұлдызға айналып, Жырынды ежіктеп қасқа тан. Жібек көйлек киген жұлдыздар өксіді, Жеңдетің жерледі қас қақпай. Мейірімсіз көк аспан, көк шыны, Кеудесін көтерді асқақтай! О, Лорка! Қоштастың осылай Испанмен, О, Андалузия! Жыр қалды жырттыған парақтың шетінде. Қоштастың қанатты құстармен, Кекілің желбіреп, мұхиттан соққан жел өтінде... Қарадың ағашқа айналған төніне, Жапырақ жүрегің желкілдеп. Есірген есер жел әніне, Жас тамды, шараптай мөлтілдеп... Шайырдың ап-ашы көз жасы.

**ҰСТАЗ...**

(Жапонның ұлы жазушысы Акутагава Рюноскеге)

Сіз ғой маған сіздің елді таныстырған әуелгі, Сонша ғажап күншығыстық әуенді. Айға арнап ән шығарған, жыр оқыған сол елдің, Әуеніне, әуезіне болдым сосын тәуелді. Сіз боп жапон, сіз боп қана сөйледі, Ай болдыңыз шалбарлы нәм жейделі. Мен Ай болдым, ару әйел бейнелі, Көк мұхиттың толқынындай, толқындаған көйлегі. Соныңызда толқын-толқын сөз қалып, Сансыз арал әлсін-әлсін қозғалып. Шыдай алмай шідеріне өмірдің, Акутагава Рюноске бұл фәниден озғанын... Самурайдай жігіт деп те, сертінен бір таймаған. Сізді елеп, ескермеген сол қоғам, Сіз кеткен соң, ұлы еді деп, салды сосын байбалам. Жүрегінізден өткен еді сан сүзгі,

Көрдіңіз сіз, жансызды да қансызды. Үйреттіңіз егер мықты болмасам, Мына қоғам жұтатынын әлсізді. Үйреттіңіз, Ай бедерін, Күн сынын, Басқа әлемнің жұмбағы мен тылсымын. Үңсіз Айға қарап үңсіз отырам, О, ұстазым, сізді ойлап күрсініп. Айдай жылжып аспандағы ескі өмір, Ескі Айдай сізден дағы көшті өмір. Бақыттысыз сонау қазақ елінде, Бір арудың, билесіз бе, мәңгі бақыт кешкенін. ...Жапония! Әлсін-әлсін түске еніп, Сәлем айтты сиқырлы бір құс келіп. Ай туралы әуезі де тым ғажап, Оянамын көкірегімді күш керіп. Сақураның жапырағы қаншама рет қурады, Тынық мұхит толқындары қаншама рет шулады. Жапония! Сенің ғажап ұрпағын, Жазар ма екен қазақ қызы туралы, Күншығысты сүйетің.

**ДАЛАНЫ АРМАНШЫЛ  
МҰННЫҢ ӘУЕНІ ТЕРБЕДІ...**

(Соғыс ардагері,  
қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының  
классигі, жазушы Кемел Тоқаевтың  
рухына арналады)

Даланы арманшыл мұнның әуені тербеді, Алатау шыңдары шерлі еді. Сіз кеттіңіз пайғамбардың жасында, Ай ұзатып салды, Сізді көрші қылып жасынға. Гүл жазира Жетісудың ерке ұлы, Билесіз ғой, Қора, Шажа тауларының көркі ұлы! Сарноқайды бала шайыр жырлаған, Бұл Жетісу «Шұғынық гүлдің төркіні». Мұнда өседі Ай гүлі де, Күн гүлі. Ал жұлдыздар тамшылайды түнде ірі! Ақсу, Көксу ағайынды қос өзен, Ал Илияс қара өзеннің дүлдүлі! Жетісу ғой жеті өзеннің сағасы. Жеті өзеннің Балқаш деген ағасы.



**Бүбішхан ТІКЕБАЕВА**



**Мұндай сұлу  
қайда бар...**

...Шашы ұзын шашбаулы, Өміріңнің бастауы, Қаракат көзді хас сұлу, Шолпысы сылдыр қағалы, Күңдей ашық жанары. Қыпша белі майысып, Су алуға баралы. Өзен бойы қайың-тал, Мұндай сұлу қайда бар. Түп-тұнық мөлдір көздері, Теңіздегі жақұттай, Биязы майда сөздері, Тістері аппақ ақсықтай. Жүздеріне қарасан, Жүзген аққу секілді, Көрікті өзі көркемді, Басында көмшат бөркі еді, Мойынында гауһар алқасы, Үстінде торғын торқасы, Қолындағы жүзігі, Жарқылдаған ақ алмас, Камзолының оюы, Жағалағы құрақтай, Сыңғырлаған күлкісі, Сылдырап аққан бұлақтай.

Маржан тісі жарқырап, Мәрмәр тастай тізілген, Білезігі ақ күміс, Көйлегі сәнді ақ пүліш. Саусағы сүйір, талдырмаш, Алма мойын қолаң шаш. Қараған адам көз тоймас. Жарқыраған ақ мандай Жанары от шашқанлай Жаратыпты жайдары, Бір міні жоқ бойдағы, Бифатима пірімдей Иману түзу ойдағы, Айша биби секілді, Өзі керім, әдемі.

Анасының нәрі бар, Әкесінің ары бар, Қыз өсірсе керімсал, Қыз бойында бәрі бар. Қазағыннан айналдым. Жер жүзіне көрсетсе, Ұялмайтын сәні бар, Қыз өсірген ибалы, Айналайын халқыман. Қыздың көркі – қырмызы. Жарқылдап жанар жұлдызы, Аспандағы айға ұқсап, Толған айдай толықсып, Сымбаты сұлу келісті, Айдай сұлу көрікті, Ақ періште секілді Нұрды Құдай беріпті Қазақтың қызын аяулы Пір тұғалы басқалар. Ақылды және ардақты, Парасатты, пайымды, Жылдар жылжып өтсе де, Таусылмайтын қазына. Ардақтап өлең жазамын Қазақтың ару қызына.



**ЕҢ, БЕЛЛА, БЕЛЛА**

(Орыстың ұлы ақыны  
Белла Ахмадулинаға)

Еһ, Белла, Белла... Жүрсің бе бір әлемде?! Ғашық боп... Махаббатпен, күнәмен де... Сыя алмай кең дүниеге күрсінемін, Жыр жазып ертелі-кеш мына мен де. Кім еді ақын әйел, Періште ме, пері ме еді?! Тарқатар бір өзіне шерім еді. Ақын әйел таңертен періште боп, Ал түнде көк аспанның жұлдыз п көрінеді. Еһ, Белла, Белла... Көрдін бе өмірінде бақытты боп?! Сүйді ме маңдайыңнан уақыт жүдеп?! Қол жайып көне аспанға құбірледің, Тәңірден таусылмайтын тақыт тілеп. Кавказға да бардың сен қиырдағы. Сананды сансыз ойлар шиырлады. Қанша ақын болсаң дағы талантты, Ал саған әйел бағы бұйырмады. Жаныңның оттай қарып, жасыны үдеп, Жанарың жаңбыр болып басылып ед. Бір бақыт таптым деп ең, ол да кетті, Күз кеуден көктем болып ашылып ед. Өмірдің әлдиледі мұңды ырғағы, Жаныңның жаңбыр шайып тұнжыр бағын. Беллажан, бақатты әйел бола алмадың, Басына қонды бірақ жырдың бағы. Не таптың жырмен жалғыз жарасқаннан?! Жанына болмады бір қарасқан жан. Түндерде маған мұңлы сыр шертесің, Көмескі жұлдыз болып көк аспанның... Еһ, Белла, Белла...

Көктем туса, гүл бәйшешек қырды асып, Көксуымын сап түзейді аппақ терек ағашы! Қараталда қарға бойлы толқындар, Жағасында Талшықорған, шілде туса салқындар. О, Кемел аға! Сіз кеткенмен, еске алатын мәңгілік, Қаламыңды қадірлейтін халқын бар! Софоклдан\* нәр алғансыз көк тіліп, Өн бойыңызда бекзаттық пен тектілік! «Жұлдызды жорық», «Тасқын» менен «Сарғабанды»\* жазғанда, Қаламыңызды көк жұлдызы кетті іліп. Алдыңызға кеп мұның шағып мың кісі, Кірпіңізге қонақтайтын түн құсы! О, Кемел аға! Рухыңызды мың жыл Сіздің жасайды, Қазағымыңның детектив жазған тұнғышы! Талантыңыз танғалдырды таңға өсіп, Келсеніз де майдан кешіп, қан кешіп! Сағындыңыз Алматының төрінде, Кәлпенізді, ойша үңсіз ән кешіп!

Шығыс, батыс тарланына бой ұрдың, Кемелдігі кемел еді ойыңның! Ізбасары болып сосын шықтыңыз, Эдгар По\* мен Артур Конан Дойлдың\*!

Софокл\* – ең алғашқы детектив жанры Софоклдың «Царь Эдип» атты көне грек трагедиясынан бастау алады. «Жұлдызды жорық», «Тасқын», «Сарғабанда болған оқиға»\* – қазақтың тұңғыш детектив жазушысы Кемел Тоқаевтың шығармалары. Эдгар По\*, Артур Конан Дойл\* – детектив жанрының классиктері.